

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын уақтылы төлемегені үшін бұрын есептелген өсімдерді есептен шығару жөніндегі жұмыстарды жүргізу тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 қаңтардағы N 133 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1120 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 1156 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 38, 364-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын уақтылы төлемегені үшін бұрын есептелген өсімдерді есептен шығару жөніндегі жұмыстарды жүргізудің қоса беріліп отырған Тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын төлеу бойынша пайда болған берешекті төлемшілердің өтеуі мақсатында Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жоғарыда аталған Тәртіпке сәйкес бұрын есептелген өсімдерді есептен шығару жұмысын 1997 жылдың 15 мамырына дейін жүргізсін.

Жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1997 жылдың 1 маусымына баяндасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1120 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 42, 455-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есеп алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібінде:

42-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы Тәртіп мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдарға қолданылмайды".

44-тармақтың бесінші және алтыншы абзацтары алынып тасталсын;
"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы
N 1120 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан
Республикасы Зейнетақы қорының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы
" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 1156
қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 38, 364-құжат) 1-
тармақтың бесінші, алтыншы және жетінші абзацтары алынып тасталсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Ү к і м е т і н і ң
1997 жылғы 31 қаңтардағы
N 133 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру
жарналарын уақтылы төлемегені үшін бұрын есептелген
өсімдерді есептен шығару жөніндегі жұмыстарды жүргізу
ТӘРТІБІ**

1. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 6 қазандағы N 1120 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 1156 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын уақтылы төлемегені үшін 1997 жылдың 1 қаңтары жағдайындағы есептелген өсімдер міндетті сақтандыру жарналары жөніндегі негізгі борыштың сомасы бойынша Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорының алдындағы берешекті 1997 жылдың 1 маусымына дейін толық өтейтін төлемшілер жөнінде есептен шығару жүргізіледі.

2. Жекелеген төлемшілер бойынша өсімдерді есептен шығару туралы мәселені шешу үшін облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің шешімімен облыстық, Алматы қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының жанынан арнаулы комиссиялар құрылады.

К о м и с с и я н ы ң қ ұ р а м ы н а :

комиссияның төрағасы етіп - Қазақстан Республикасының облыстық, Алматы қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының бастығын:

комиссияның мүшелері етіп облыстық (қалалық) еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, қаржы, экономика жөніндегі, Ұлттық Банк басқармаларының, салық және басқа органдардың басшы қызметкерлерін енгізу ұсынылады.

3. Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын

уақтылы төлемегені үшін өсімдіктерді нақты төлемші бойынша есептен шығару оның жазбаша өтінішін қарау нәтижелері бойынша, егер төлемші есеп жүргізу мен өзінің есептемесінде Зейнетақы қорына төлеуге тиісті төлем сомасын бүкпесіз және толық көрсеткен жағдайда жүргізіледі.

Өсімдерді есептен шығарудың осы Тәртібі мен есеп пен есептеме Зейнетақы қорына төленуге тиісті төлем сомасын жасыру фактілеріне жол берген төлемшілерге, сондай-ақ уақтылы есеп айырыспауға және берешектің пайда болуына объективті себептер болмаған төлемшілерге қолданылмайды.

Өсімдерді есептен шығару туралы шешімге кәсіпорынның (ұйымның) 1997 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша балансы негіз етіліп алынады.

4. Осы Тәртіп бойынша нақты төлемшіден өсімдерді тек бір рет қана есептен шығару жүргізіледі.

5. Егер 1997 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша төлемшінің Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына негізгі төлемдер сомасы бойынша берешегі болмай, өсімдер бойынша берешегі бар болса, онда мұндай төлемшілер бойынша өсімдерді есептен шығару толық көлемде жүргізіледі.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар бойынша, олардың Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын төлеу фактілеріне қарамастан, есептелген өсімдер сомасы толық көлемде есептен шығарылуға жатады.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің органдары Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына міндетті сақтандыру жарналары бойынша берешектің негізгі сомасын осы Тәртіпке сәйкес 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1 мамырына дейін, 1997 жылдың 1 қаңтарындағы қалыптасқан өсімдердің есептен шығарылуы мүмкін екені туралы төлемшілердің бәріне жазбаша түрде, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да хабарлайды.

7. Өсімдерді есептен шығару туралы шешімді Қазақстан Республикасының облыстық, Алматы қалалық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының жанындағы арнайы комиссиялар мына деректер мен материалдар негізінде қабылдайды:

өсімдерді есептен шығарылатын кәсіпорындардың (ұйымдардың) тізімі, онда төлемшінің толық атауы, оның ведомстволық бағыныстылығы, мекен-жайы (орналасқан жері), банктегі есеп айырысу шоты, кәсіпорынның балансы мен Зейнетақы қорының қаражаты бойынша есеп айырысу ведомостысы - 1996 жылдың қорытындысы бойынша N 4 нысан;

1997 жылдың 1 қаңтарына өтелуге тиіс және осы берешектің өтелген күнін және оны өтеу күнін ол негізделіп өтелген құжатты (төлем тапсырмасын, мемориалдық ордерді және басқаларды) көрсете отырып, өтелген берешектің

негізгі сомасы бойынша;

оның қай кезеңге есептелуге тиіс екенін көрсете отырып, 1997 жылдың 1 қаңтарына есептен шығарылуға жататын өсімдер сомасы бойынша;

төлеуге тиісті соманы уақтылы төлемеуінің нақты объективті себептерін көрсетумен, өсімдерді есептен шығару қажеттігі негіздемесімен әрбір кәсіпорын бойынша қорытындылар.

8. Арнайы комиссияның өсімдерді есептен шығару туралы шешімі комиссия төрағасы мен мүшелерінің қолымен куәландырылады және оны облыстар мен Алматы қаласының әкімдері бекітеді.

9. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің органдары әрбір төлемшінің тұрғысында оның Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына негізгі берешектерін өтеген сомасын көрсете отырып, есептен шығарылған өсімдер сомалары туралы есепті жасайды және Министрлікке табыс етеді.

10. Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 53-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына міндетті сақтандыру жарналарын қасақана төлемеушілерге қатысты, соттарда күштеп банкротқа ұшырату туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құқығы туралы Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын төлеушілерге жазбаша хабарлайды.

11. Мәжбүрлеп банкротқа ұшырату туралы істі қозғау мәселесін шешу үшін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жергілікті органдары 1997 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде төлем мерзімі басталған күннен бастап үш айдан астам уақыт бойына Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын төлеуді тоқтатып қойған төлемшілер туралы мәліметтерді Министрлікке табыс етеді.